



Тақырыбы:
КӨКТЕМ КЕЛДІ

Тәрбиеші: Исатова Е.Ш

Мақсаты:

- Білімділік: Балалардың көктем мезгілі туралы алған білімдерін жүйелеп бекіту. Көктем мезгілінде табиғатта болатын өзгерістерді байқай білуге үйрету.
- Дамытушылық: Табиғат құбылыстарын зерттей білу қасиеттерін дамыту, танымдық белсенділіктерін арттыру.
- Тәрбиелеушілік: Көктем мезгіліндегі табиғат сұлулығын байқай білуге тәрбиелеп, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Табиғатқа деген жанашырлық сезімдерін ояту.

*Шаттық шеңбері:
Алақанды ашайық,
Күннің нұрын слайық,
Таза ауадан салайық,
Достық лебізін салайық.*

Тыныштық сәті: (әуенмен)

**Балалар мен сендерді табиғатқа серуенге
шақырғым келіп тұр.**

**Бәрің көздеріңді жұмып, өздеріңді кез–келген бір
өсіп тұрған ағашпын деп елестетіп көріңдерші.**

Ойланыңдар: ол үлкен ба, әлде кішкентай ма.

Ауа–райы қандай– ашық па, әлде бұлыңғыр ма?

Сенің ағашың өзін қалай сезініп тұр? Енді


өздерің елестетіп тұрған ағашты

денелеріңмен бізге көрсетіңдерші

Жаймен көзімізді ашып, өздеріңді қоршап

тұрған табиғат анамызды қалай қорғау

керектігін ойланып көріңдерші!



Көктем күні күркіреп,
Жаңбыр жауды сіркіреп.
Бәйшешектер дүркіреп,
Шыға қалды қыр түлеп.

Көктем күні шуақты,
Көктем күні қуатты.
Мал жағалап суатты
Сай саламен су ақты.

— Балалар, бұл өлеңде қандай мезгіл жайлы айтылған?

— Көктем!

— Дұрыс айтасыңдар. Біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз да “көктем келді” – деп аталады.

Ғажайып сәт:

Шағала ұшып келеді.


— Мен Шағаламын. Сендер жақта көктем шыққанын естіп арнайы солтүстіктен ұшып келдім.

Мен көктем мезгілі жайлы өте аз біледі екенмін.

Сендер мағам айтып бересіңдерме.

Көктем мезгілінің не Ерекшелігі бар?





Балалар, көктем мезгілінде күн жылынып, қарлар ери бастайды. Көктемде күн шуағын шашады, түрлі гүлдер өседі, қар ериді. Ең алғашқы бәйшешек гүлдер шыға бастайды. Ағаштар бүршік жарады, бұтақтардан жапырақтар шығады, ағаштар жасыл желекке ораныды. Құстар жылы жыққа ұшып келеді, құстар ұя салады және жұмыртқалайды. Адамдар жеңіл киінеді. Көктем тамаша жыл мезгіл!

**Көктемде алғашқы
бәйшешек гүлдері шығады.**





Көктемде күн жылынғандықтан құстар жылы жаққа ұшып келе бастайды.





Сергіту сәті:

*Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз,
Құстар болып ұшамыз,
Көбелектей қонамыз.*



ала:

- — Рахмет сендерге балалар.
- Сендердің арқаларыңда көп мәлімет білдім. Енді мен ұяма қайтайын. Балапандарым іздеп қалған болар.
- Сау болығдар!

Қортындылау:

— Балалар, қазір қандай мезгіл?


— Көктем.

— Көктемде қандай өзгерістер болады?

— Қар ериді. Құстар келеді.

Ағаштар бүршік жарады.

— Сабағымызды “Көктем келді шуақты” әнімен қортындылайық.



Күтілетін нәтиже:
Біледі: *Жыл мезгілдерін ажыратуды.*
Игереді: *Көктем мезгілі жайлы ақпараттарды.*
Меңгереді: *Көктем мезгілінің құбылыстарын.*

